

А 2007

132к



Мухаметжан Етекбаев

АЛАТАУ
ЕРТЕГІСІ

Балалар
ӘДƏБИYƏTİ

Мұхаметжан Етекбаев

АЛАТАУ ЕРТЕГІСІ

Суретші В. Логинов



Алматы “Балалар әдебиеті” 2006

821.512.182-83

Е 88



2

Жазушы Мұхаметжан Етекбаевтың балаларға арналған бұл жинағында Алатау өңірін мекендейтін бүркіт, таутеке, барыс, арқар тағы басқа да жануарлар өмірі әңгіме болады. Автор Найзатұяқ деген жаралы бүркіт арқылы түрлі жануарлардың тіршілігін суреттеп береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ



АСПАНДАҒЫ ӘҢГІМЕ

Мұзбалақ шырқау көкке шығып алған. Қанатын андасанда бір сермейді. Алатаудың сеңгірленген шоқылары сағымдай бұлдырап төмен жатыр. Аппақ қар, жалтыр мұз күнге шағылып, көзді қариды. Тек тау етегіндегі күнгейлер ғана қарайған.

Аспанда дем алған да қызық. Тастай суық ауаны жұтып жібергенде, бүкіл ішек-қарныңа көк сүңгіні жүгіртіп алғандай болады. Бірақ бұл тау қыранына бала жастан үйреншік әдет. Қиналудың орнына сүйсіне түседі. Тынысы кеңейіп, сергіп кетеді. Қос топшының үстіне, қос қанаттың ұшына, балақ жүніне ақ кірпік қырау тұрған.

Аспан шайдай ашық. Мына қырау сонау шөгіп жатқан ақ қардың ызғары-ау! деді Мұзбалақ. Төмендемей қалықтап біраз жүрді. Қыран көзін жан-жағына қадап еді. Жұбайы Ақиық тіптен биіктеп кеткен екен. Қарулы да қайқы қанатын андасанда бір сермеп тастап, шалқар көкте самғайды.

Жоқ, осы серуеніміз де жетер! Енді жерге түселік! деп, Мұзбалақ бір-екі саңқ етті. Ақиық оның өр даусын естігенде, жауап үн қатып, қанатын қағып-қағып жіберген-



ді. Ал Мұзбалақ болса, қанатын қомдап, тік төмен заулаған. Ол көзді ашып-жұмғанша лақтырған кесектей зу етіп, биік шоқының бауырындағы құзар жартасқа келіп қонды. Қанатын жайып, тағы бір рет дыбыс шығарды.

Арада бір минут өткен жоқ. Гуілдеген дыбыс Мұзбалақтың құлағына шалынды. Ақиық екен. Тік төмен сорғалапты. Кірпік қаққанша Мұзбалақтың жанынан зу етіп өте шықты. Екпінінен соққан жел Мұзбалақты жығып кете жаздады.

Бері жақын қон! деп дауыстады Мұзбалақ.

Ақиық қайқаң етіп аспанға қайта шықты. Екпінін тоқтатқан, қалқып келіп, зайыбының жанына қонды.

Міне, март айы да туды. Күн санап күнгейлердің қары кете бастады. Аяздың беті қайтып, арқамызға алтын күн нұрын құйды. Аздан соң барша әлем, жан-жануар сұлу көктемді қарсы алады. Аңдар төлдейді. Жылы жаққа ұшып кеткен құстардың алды келді. Олар да ұя салып, балапан өсіреді. Тауда қыстап шыққан малшылар малдарын төлдетеді. Жадыраған көктем күні әркімге бақыт әкеледі, деді Мұзбалақ.

Ендеше, қарап отыратын не бар?

Кешікпей біз де ұя салып, балапан өсіруіміз керек, деп, Мұзбалақ қанатын қомдап, орнынан қозғалып қойды.



Тауды кезіп, ұя салатын жерді тауып алайық. Ұяны берік етіп салуға тиіспіз.

Мен қарсы емеспін, деп, Ақиық басын изеді.

Қос қыран сәл тыныстап, аспанға қайта көтерілді. Биік таудың бауырын қырпулай ұшып, әр жартасқа көздерін салды. Құзар жартастың әр жақтарын, әр қиясын бағдарлай, байқай қарап келеді.


Бізге бүркіт қабақ жартас керек. Әрі жауын-шашын тимесін, әрі үй орнындай кең болсын. Үстінен де, астынан да адам келе алмасын, аңшылар балапанымызды алып кетеді, деді Мұзбалақ қатарласа берген Ақиыққа.

Аңшылар ұядан алған балапанды баулып, аңға салады. Түлкі, қоян, тіпті қасқыр да алғызады. Сондықтан сақ болғанымыз жөн, деді Ақиық.

Зәулім жартастағы біздің ұямызға ұшқан құстан басқа ешкім жетпеуге тиіс. Көк патшасы өзіміз. Бізге тиісер құс әзір дүниеде жоқ қой.

Әрине, Мұзбалақ.

Екеуі күнгейдегі заңғар жартастан ұя саларлық бір орын тапты. Үстіңгі жағы тік қабақ, жаңбыр тимейді. Жан-жағы құлама: аяқ тіреп тұрар жер жоқ.



Осы жер ыңғайлы екен. Маған ұнады. Үй орнындай кең. Ұя салып, балапан өсіруге де, қонып отырып, дем алуға да өте жайлы, деп, Ақиық Мұзбалаққа тесіле қарады. Ол біраз ойланып отырды да, басын шайқады.

Сенің сөзіңнің бәрі дұрыс. Тек бір ғана ыңғайсыз жері бар, деді Мұзбалақ.

Қалай?

Биыл жаз құрғақтау болады.

Оны қайдан білдің, Мұзбалақ?

Жылдағыдай емес, әр бастаудың, әр бұлақтың суы көп тартылған. Тау өзендерінің суы тым азайып кетіпті. Күнгейдің қары қазір еріп жатыр. Бірақ ақпай, жерге сіңіп, жоғалып кетеді. Өйткені жер өте құрғақ. Биылғы жауған қардың да берекесі жоқ.

Мұзбалақ, мұны мен де байқап жүрмін.

Ендеше, ұямызды теріскейдегі жартасқа салуымыз керек. Неге десең, жаздың қапырық күнінде теріскей жартастағы ұя салқын болады. Балапан шөлдемейді.

6

Терең шатқалдан өрге соққан самалға төсін тосып, отыра береді.

Мұның жөн болды, Мұзбалақ. Ақылмен ойластырып шешкен істе кемшілік аз болады деуші еді. Дұрыс. Онда ұя салатын жаңа орын іздейік, деді Ақиық.


Екеуі тағы да жарыса ұшты. Әр шатқалды, әр зәулім жартасты сүзіп өтті. Ақыры үлкен теріскейдегі алып жартасқа жетіп аялдады. Ұя салар жер де табылды. Қуыстың кеңдігі алты қанат ақ орданың орнындай бар.

Тамаша орын! Екі босағадағы мына екі қыр тас қара желдің өтінен қорғайды. Ұяны мына бір кісі бойындай тасжарғанның түбіне саламыз, деді Ақиық.

Бұл жердің тағы бір тамаша қасиеті бар екен.

Қандай қасиеті бар, Мұзбалақ?

Жартас биік таудың басында. Жолдан алыс. Көрінген адамның көзіне түсе бермейді, деп Мұзбалақ күлімдеп, басын изеді. Екі қыран қанат қағысып, бірін бірі еркелетті.



АЛЫСТАН ТАСЫЛҒАН БҰТАҚТАР

Күнгей беттің қары әлдеқашан кетіп қалған. Тас-тастың арасында қалың қой пырдай болып жайылып жатыр. Қарны тойып, арқасын күн қыздырған арық тоқтылар ойнақ салады. Көктем күніне еркелейді. Тоқал бастарын түйістіріп, соғысып та қояды.

Ешкілер сыпылдап жартасқа өрмелеп кеткен. Жан баспаған қияда жүр. Тастың жарығына шыққан шөпті, бұтаны жұлып жейді. Тағы секектеп өрге тырмысып еді. Жартастың желке жағына шығып тұрған Шопан ата бірекі мәртебе ысқырды. Ешкілер елей қоймаған соң, ол асықпай тасты лақтырып жіберді.

Шек былай! Байырқалап жатсаңшы бір мезгіл! Селтең қағып тынбайсыңдар! Ой, тұқымың өскір! деп дауыстады.

Ешкілер именіп, кейін қайтты. Шопан ата қолын күнге көлегейлеп, Алатаудың сеңгірленген сілемдеріне қызыға көз салды. Жанындағы иті бағанадан бері күнге қыздырынып жатыр еді. Көктем күні оны да жадыратып жіберіпті. Иесіне еркелеп, құйрығын қимылдатады.


Өлмеген кісіге жаз да шығып қалды ғой. Аз күнде далаға түсеміз. Қой қоздайды. Күн жылынып, арқамыз кеңиді. Асықпағын, Алыпсоғым! деп, ол итінің басынан сипады.

Түске дейін бойым жөнді жылымай қойып еді. Түс ауа жадырап кеттім! деп, Алыпсоқ есінеп қойды.

Қазір март айы. Бұрынғылар бұл шақты түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз деуші еді. Аяз ашушаң кәрі шал сияқты. Түске дейін қабақ түйіп, жер-көкті суық құрсауға алғысы келеді. Көктем күні жас батыр секілді.

Ерінбей қыстың ызғарын даладан өрге қуалап, Алатаудың басына айдап барып, шегелеп тастайды. Жаздың ыстық күнінде де биік таудың басында қар мен мұздың жататыны сондықтан, деді Шопан ата.

Олардың әңгімесін жанап өткен бүркіт бөлді. Аузына



жалғыз бұтақ тістеп алыпты. Қарсыдағы алып жартасқа бет алып жөнелді. Шопан ата сол жақты нұсқап:

Әне, тау қыраны бүркіт те жаз қамына кіріскен, деді. Алыпсоқ басын изеп, құйрығын тағы қимылдатты.

Қыранға жер алыс па. Көзді ашып-жұмғанша қайта оралып келеді екен. Қанатын анда-санда бір қағады. Шопан ата мен Алыпсоқты тағы жанап өтті.

Е, қыран құс, қайырыла кет азырақ, деп үн қатты Шопан ата. Даусы зор екен. Маңайдағы қатпар-қатпар жартасты жаңғыртып жіберді. Бүркіт лезде тұмсықты айналып кеткен. “Е, естімеді. Естісе де бұрылмады. Жануар тірлігіне асығып жүр ғой”, деп ойлады қария.

Жоқ, көк патшасы қыран құс жер патшасы адамның сөзін жерге тастамапты. Қайта айналып келді де, жартастың ұшар басына қонды. Ақиықтың өзі екен. Бір-екі мәртебе саңқ етті. Шопан ата оған разы болып, қуанып қалды.

Ғапу ет, қыраным, жолыңды бөгедім. Айыпқа бұйырма. Жөн сұрасып, жайыңды білгім келіп еді.

Көктем болды. Ұя салып жатырмыз, ақсақал. Жұмыртқа салып, балапан өсіретін шақ туды.

Үш-төрт күннен бері байқап жүрмін. Таң атқаннан күн батқанша тынбайсыңдар. Істерің игілікті болсын.

Рақмет, отағасы! Күні бойы тау кеземіз. Сонау үлкен теріскейден біреу отын алыпты. Кілең ұшқат пенен ырғай екен. Бір арқасы орнында қалыпты. Қар астынан аршып алып, бір талдап аузыма тістеп, тасып жүрмін. Жолға түскен бірлі-жарым бұтақты да іліп әкетем. Біз ұямызды бұтақтан ғана тоқып жасаймыз. Жұбайым Мұзбалақ ұяда еді. Асығып тұрғаным. Кейін асықпай әңгіме шертерміз! деп, Ақиық ұшып кетті.



8



ҚИЯДАҒЫ ҚЫРАН ҰЯСЫНА САЯХАТ

Алыпсоқ елегізе құлағын тосып:

Шопан ата, мына тұмсықшаның арғы жағында бүркіттің саңқылдаған даусы естіледі, деді. Тау жаңғырады. Өне, тағы шығып жатыр.

Естідім. Жай емес тәрізді. Жүр, солай баралық, деді Шопан ата.

Екеуі асыға басып тұмсыққа шықты. Олар өз көздеріне өздері сенбей, бір сәт аңырып тұрып қалған еді.

Жартастың түбінде бір бүркіт қасқырға түсіпті. Бір аяғымен бөрінің басынан бүріп ұстаған. Екінші аяғының болат найзаларын дәл жамбастың үстінен түйреген. Қыранның қармағына ілінген қасқыр тісін сақылдатып, ілгері ұмтылады. Жер тырмалап, ышқына жұлқынады. Бүркіттің қанаты жалп-жалп етеді. Бірақ бір орындарынан қозғалмайды.

Өне, қыран бір түп қылшадан ұстап қалған екен.

Тез көмекке баралық! деді Шопан ата. Екеуі қасқыр мен бүркіттің жанына жетіп келді. Қызықты енді көрді. Қасқырдың екі көзі ойылып түскен. Қан сорғалап тұр. Бүркіттің екі тұяғы тасжарғанның бір жуан бұтағына ілінген екен. Жұлып тастамасаң, айрылар емес. Шопан ата мен Алыпсоқты көргенде имене қарап:



Мен жұбайым Ақиықты шақырып едім. Сендерге не бар? деп саңқ етті.

Біз саған тимейміз. Қасқырды ұстап, қайта бізге достық жасадың, деді Шопан ата оған.

Түнде біздің қораға түсіп, сары бас саулықтың құйрығын тартып кеткен қасқыр осы. Тірсегінен ала түсіп, қорадан қуып шыққам, деп, Алыпсоқ та қоразданып, қасқырға төне түскен-ді.

Шындығында, енді аз тұрса, бүркіттің екі аяғы екі айрылып кетпек екен. Шопан ата қасқырдың аузына таяғын көлденең ұстап, кеңірдегінен алып, үнін өшірді.

Уһ, сіздерге көп рақмет! Зорға шыдап тұр едім! деп, Мұзбалақ маңдайынан шып-шып шыққан терді қанатымен сыпырып тастады.

Саған да рақмет, қыраным! деді Шопан ата. Ол қасқырдың терісін сыпырып алды. Етін бүркітке берді. Қуанған Мұзбалақ:

Жақсылықтарыңды ұмытпаспын! деп ұшып кеткен. Шопан ата мен Алыпсоқ қойын жинап жүргенде, олардың жанына Ақиық келіп қонды.

Сендер менің үй-ішімді ажалдан құтқарыпсыңдар. Қызмет көрсетуге дайынмын! деп, басын төмен иді.

Біз сенің жұбайыңа қол ұшын ғана бердік. Досқа достың көмегі қарыз нәрсе емес қой, Ақиық. Ол үшін саған “бізге қызмет көрсет” дегеніміз есептескендік болады.



10



НАЙЗАТҰЯҚ ДҮНИЕГЕ ҚАЛАЙ КЕЛДІ

Ақиық самғап келді де, ұяның жиегіне қонды. Бір аяғымен жемін қысып ұстаған. Ұя басып жатқан Мұзбалақ қуанып, саңқ-саңқ етті. Қанатын қағып, жолдасына тіл қатты:

Балапан шығуға жақын қалыпты. Бері келіп, құлақ тосшы! Жұмыртқа қабығын тұмсығымен жиі-жиі ұрады.

Ақиық жемін Мұзбалаққа берді де, өзі ұяда жатқан жалғыз жұмыртқаның жанына келді. Көкшіл шұбар жұмыртқа орнынан қозғалғандай болды.

Апа, есік аш, деген нәзік дауыс естілді ішінен.

Ақиық қуанып, саңқ етті.

Бұл шақта Мұзбалақ жемін жеп, тұмсығын ұяның жиегіндегі ағашқа сүртіп жатыр еді. Ол тұмсығымен жұмыртқаның бір шетін тық еткізіп ойды. Сол-ақ екен, сәл имектеу сары тұмсық көрінді.

Апа, апа, есік аш! деп дауыстады жарық дүниеге келген балапан тағы да.

Мұзбалақ жұмыртқа қабығын шоқып, екі айырды. Қимылының өзі қандай епті десеңші. Шіркін, ана қамқорлығына не жетсін!



Сары тұмсық, ақ үрпек балапан дүниеге келді. Тұнық ауаны жұтып, басын екі-үш шайқады. Аузын ашып, тамақ сұрады.

Мұзбалақ аузын ашты. Жерге төнді. Жаңа ғана жеген астан бір түйірі бөтекеден түсе қалды. Алып, балапанның аузына салып еді, ол жұтып жіберді.

Өзім сияқты алып болады, деп мақтанды Ақиық. Бірақ өткір тұяғы жоқ қой. Тұмсығы да онша мықты емес...

Сен қызықсың, Ақиық! деді Мұзбалақ.

Қалай?

Ол әлі өте жас! Өсіп, үлкейгенде оған найза тұяқ, имек мықты тұмсық өсіп шығады. Мұның аты Найзатұяқ болсын. Мықты қанат бітеді.

Қандай алып болса да, бәрі баладан өспей ме, деді Мұзбалақ.

Әрине, солай болуға тиіс! деп, Ақиық өр мінезділік танытып, жас нәрестеге

бір көз қиығын тастаған еді. Бірақ ол көре алмады. Өйткені бұл шақта кішкентай ақ үрпек балапан енесінің бауырына кіріп, ұйықтап қалған болатын.

АЛҒАШҚЫ ЖАТТЫҒУ

Екі салт атты шатқалды өрлеп төмен түсіп келеді. Олар жылқышы Әбдірахым мен оның мектепте оқитын баласы Серғазы еді. Шатқал іші қысылшаң, қалың қорыс, үйіліп жатқан қорым тас екен. Аттар зорға жол тауып жүреді. Тұяғы тасқа соғылып, тасыр-гүсір етеді. Екеуінің аты да тасырқаған: бетін басқандай кібіртіктеп қалады. Тассыз қарлауыт жермен жүргісі келіп, жалғыз аяқ жолдан жалт бұрылып кетеді.

Ананы қара! деп, баласы қамшысын екі бүктеп, сарқыраманы нұсқады. Туырлықтай үлкен бұжыр мұз бір шоқы тастың басына ілініп қалыпты. Сарқырамадан



құлаған бұлақ суы оның жан-жағын кеулеп, жұлма-жұлмасын шығарған.

Өлмеген кісіге көктем де болады. Енді далаға түсуіміз керек. Тауда қар жатқанымен, далада жер қара. Күн жылы. Аз күнде көк те тебіндеп шығады. Мал төлдейтін кез болды, деді Әбдірахым ақсақал.

Осы сәтте олардың алдына қос жұдырықтай бір нәрсе құлап түсті. Әкелі-балалы екеуінің аттары үркіп, елеңдеп қалды.

Міне, қызық! Әлгі құлап түскен жүн-жұрқа екен. Ұйысып қалған. Жолаушылар таң-тамаша болып, жоғары көз тікті.

Тағы екі-үш уыс жүн-жұрқа жартас басынан домалап түсті. Құстың жүні бұрқырап, аспанда ұшып жүр. Жолаушылар аттарынан түсіп, әлгі жүн-жұрқаны алып көрді.

Әр түрлі құстың жүні, шүберек, тіпті екі-үш жапырақ құрым киіз де бар екен.

Ә, мұны бүркіт тастаған екен, деп, Әбдірахым күнге қолын көлегейлеп, заңғар жартасқа қарады.

Оны қайдан білдің, әке? деп сұрады Серғазы.

Әкесі аспанды нұсқады:

Зәулім жартастағы сонау бір тарғыл бүркітқабақты көрдің бе?

Иә.

Сонда бүркіттің ұясы бар.

Екеуі солай көз тікті. Осы кезде ұядан бүркіттің қос қанаты көрінді. Қимыл-қимыл етеді. Ізінше тағы бір уыс



қу шөп ұядан төмен құлады. Бірақ жерге жетпей, жартастың бір қатпарына тұрып қалды.

Бүркіттің балапаны шығып қалған екен, деді Әбдірахым ақсақал.

Әке, бүркіттің ұясын, балапанын көрелік, деп өтінді баласы. Әкесі оның сөзін жыққан жоқ.

Жарайды, көрсетейін. Бірақ атты осы жерге байлап, мына қарсы бетке жаяу шығамыз. Ат жүре алмайды, деді Әбдірахым. Серғазы

қуанып, алақанын соқты.

Әкелі-балалы екеуі жаяулап, күнгеі беттегі бір қожыр жартастың желкесіне шығып аялдады. Бұл жерден қарсыдағы бүркіттің ұясы жақсы көрінеді екен. Екеуі жайғасып отырып, дүрбі салды.

Ұяда бір бүркіт жатыр. Қанатының астынан анда-санда балапанының тұмсығы көрінеді. Бүркіт мыналарға қарап қоразданып қояды. Аздан соң балапаны ұяның шетіне таман шығып жатты. Қанатын қағып талпынады. Бір-екі аттап, қайтадан жатып қалады. Өзі қара ала жағал тартқан. Екі қанаты қара. Иығы мен кеудесі, басы мен мойны ақ. Тықыршып, бір орында отырмай, қозғалақтай береді. Аузын ашады. Енесі адамдардан көз жазар емес. Қанатын жайып жіберіп, айбат шегеді.

— Тау қыраны, қорықпа! Біз саған тимейміз! деп дауыстады Әбдірахым. Оның сөзін бүкіл жартас жаңғырып қайталады.

Бүркіт шарылдап, қобалжып қалды. Мойын жүнін дүрдитіп, тағы да мазасыздана бастады. Ештеңе дей қоймады. Балапанын қанатымен қағып, адамдардан жасыруға тырысады. Бірақ болмайды.

Ұяға екінші бүркіт ұшып келді. Бұл Ақиық еді. Мұзбалақ оған мұңын шаққандай бір нәрсе айтып, қарап отырған екі адамды көрсетті.

Ақиық қарқылдай күлді.

— Олар менің танысым. Қорықпа, Мұзбалақ. Ауылы анау үлкен күнгеіде. Сонда қыстап шыққан малшылар



ғой! деді де, ұшып келіп, Әбдірахымның өр жағындағы үйдей тасқа қонды.

Ұядағы жүн-жұрқаны, шөп-шаламды неге шығарып тастадыңдар? деп сұрады қария Ақиықтан.

Қазір балапанымыз өсіп, темір қанат болды. Күн санап өсуде. Бізде, бүркіттерде, қанымызға сіңген мынадай бір қасиет бар.

Иә.

Ұя салып, жұмыртқа басқанда ұяның табанына жүн-жұрқа, шөп-шалам төсейміз. Балапан қара қанат болғанда алып тастаймыз.

Неге, ей? деді Серғазы таңырқап.

— Ұядағы мамықты алып тастамасақ, балапан тез аяқтанбай, жатып алады. Осал, нәзік болып өседі. Әркім-ақ өз баласының мықты болып өскенін қаламай ма. Тау қырандарының да мықты болып өскені жақсы.

Оның сөзін Әбдірахым бөліп жіберді:

— Әрине, кім баласын ынжық, қауқарсыз болып өссін деп ойлайды.

Ақиық саңқ етіп, сөзін әрі жалғады:

— Ұядағы мамықты алып тастасақ, балапан ұшқанша түрегеп тұрады. Өйткені бұтадан өріліп жасалған ұя оның төсіне батып, жатып алуына мүмкіндік бермейді. Сөйтіп, балапанымыз тез шыңдалып, шымыр болып өседі. Өзі күшті болады, аяғы қатты шынығады.

МҮНДАЙ ДА КӨРШІЛЕР БАР

Найзатұяқ ұяның жиегіне шығып отырды. Шығыс жақ бейне алтынның нұрына малынғандай. Көп кешікпей биік таудың басын күн де шалған еді. Ертеңгі самал Найзатұяқтың тынысын кеңейтіп, ұйқысын шайдай ашты.

Әке-шешем де келіп қалады ғой, деп, орнынан қозғалақтап, қарнын сипады. Жүрегі сазған түрі бар. Тамсанып, алысқа тағы да көз қадады.

Асты құзар жартас, терең шатқал. Тастан тасқа секірген асау бұлақтың сарыны талып жетеді.

Шіркін, таудың сұлу көрінісі-ай! Емін-еркін самғар ма еді! деп, Найзатұяқ қанатын қомдады.



Оның ойын өр жақтан шиқылдаған балапандардың даусы бөлді. Сұр Кептер жартастың жақпарына қонып отыр екен. Балапандар тағы шулады. Біреу емес, үшеу-төртеу бар. Найзатұяқ мойнын созып қарады, бірақ оларды көре алмады. Ал Кептер ұшып-қонып, елеңдеп қалды. Қанаты қанатына сартылдай тиіп, тең қимылдайды. Басын қисайтып, аспанға қарай береді. Аузына тістеген шегірткесі бар. Аздан соң жартастың қуысына лып етіп кіріп кетті де, қайта шықты. Балапандары жым болды. Ал өзі жан-жағына тағы да алаңдап көз тігеді. Еш сезік білінбеген соң, ұша жөнелді.

Найзатұяқ тамашалап қарап отыр еді. Шырқау көкте бір нәрсе зу ете қалды. Жалт бұрылған Найзатұяқ қанатын қайырып, лақтырған тастай ағып бара жатқан құсты көрді.

Қап, мынаны-ай! деп, ол мойнын созып солай қадалды. Әлгі құс бері қарай кілт бұрылды. Көзді ашып-жұмғанша ысқырған қанат лебі Найзатұяқты селк еткізді. Ұяның өр жағына келіп, әлгі Кептер қона қалған екен. Жаңағы құс осыған шүйіліпті. Жалт беріп, жөніне кетті. Кептер тәкаппарлана басын көтеріп:

Мақтаншақ! Батыр болсаң, осында кел! деді.

Ол неткен құс? деп сұрады Найзатұяқ Кептерден.

Бөктергі деген жыртқыш құс. Мені ұстап алмақ болып еді. Қорқақтың мысы құрып, кейін кетті, деп, Кептер күрсініп салды.

Қайдан сап ете қалды, жоқ еді ғой? деді Найзатұяқ.

Менің ұям анау қуыста.

Сендермен көршіміз.

Жаңа балапандарым-

ның даусын естіген

шығарсың, деп,

Кептер әңгіме-

сін әріден бас-

тады. Әлгіде

Бөктергі мені

көріп қалған.

Мен ол кетіп



қалған шығар деп ойлап ем. Жартастың бас жағындағы жалғыз түп тасжарғанда жасырынып отырыпты. Қапыда қағып кете жаздады.

Осы жұрт қызық екен. Соларға не жетпейді? деп Найзатұяқ басын шайқады.

Балақан, әркімге тіршілік керек. Қаршыға, Қырғи, Бөктергі, Тұрымтай сияқты жыртқыш құстар біз сияқты жай құстарды аулайды. Ұстап алып, балапанына апарады.

Бәрі сендерді ғана аулай ма?

Жоқ. Жыртқыштардың тырнағына осы тауды мекендейтін ұлар, кекілік, тауқарға, бәрі де тап болады.

Найзатұяқ оған таңырқай қарап:

Өзің кіп-кішкентай болып көп нәрсе біледі екенсің! деді.

Оның сөзіне Кептер сақылықтай күліп алды да, сөзін әрі жалғады:

Сен баласың. Мен кішкентай болғаныммен, жасым сенен үлкен. Биыл беске шықтым. Біраз нәрсе көрдім. Жақсы, жаманды таныдым.

Ал ұяңды біздің ұяға тым жақын салғаның не? Менің әкем мен шешем көрсе, зақым келтіруі мүмкін емес пе? деді Найзатұяқ.

Бүркіттер бізге, майда құстарға, тимейді. Ал біз бүркіттің маңына ұя салсақ, Бөктергі сияқты жыртқыштар маңымызға жуымайды.

Неге? Сендерден қорқа ма?


Кептер жымыып, басын шайқады.

Бүркіттен қорқып, жақын келмейді, деді.

Бүркіттен қорықпайтын құс жоқ, деді бір жіп-жіңішке дауыс астыңғы жақтан. Ол тіпті ұясын бүркіт ұясына төсеген қалың бұтаның арасына салыпты. Жылт етіп ұшып шығып, ұяның жиегіне қонды.

Сен қай құссың? деп сұрады Найзатұяқ оған таңырқай қарап.

Мені жұрт Бұқпаш деп атайды. Оның себебі бар. Біз көбіне қалың қалақайдың, бұтаның арасында ұшып, қонып жүреміз. Бұқпаштың көбі сол қалың қорысқа ұя салады.



Ал сен мұнда қалай келдің?

Өзің қызық бала екенсің? деп, Бұқпаш көзін төңкере қарады. Бәрі жан сақтаудың қамы да. Бүркіт ағайынның қанатынан қорған таптым. Балаларым алаңсыз өседі.

Найзатұяқ ысқырып жіберді.

Сен де балапан өсіріп жүрмісің? деді.

Әрине, әне, төрт балапаным қара қанат болды, деп Бұқпаш мақтана сөйледі. Найзатұяқ оған тағы көз тастады. Шынында, Бұқпаш оның бір саусағынан сәл ғана үлкен екен. Өзі өте тез қозғалады. Қимылына көз ілесер емес. Секектеп, бір орында тұрмайды.

Сен бізді пайдасыз көрші екен деп ойлама, деді Бұқпаш.

Сендердің бізге қандай пайдаларың бар?

Бүркіттер, сендерге қауіп келтіретін бір нәрсе бар. Ол адамдар. Аңшылар сен сияқты бүркіт балапанын ұядан алып қояды.

Қалай?

Жартасқа түсіп алады. Адамнан ақыл қашып құтылған ба? деді Бұқпаш.

Ал.

Кейбір бейбас адамдар үлкен бүркітке де зиян тигізуі мүмкін. Адамның да алуан түрі бар ғой.

Иә?

Біз ондай адамды көрсек, тез хабар береміз. Сөйтіп, сендер бейғам қалмай, сақтанасыңдар! деді Бұқпаш.

Бұқпаш дұрыс айтады, деп, Кептер оны қоштады.

Самғап келе жатқан Ақиық пен Мұзбалақты көріп, Кептер мен Бұқпаш жөндеріне кетті. Ал Найзатұяқ:

Осындай да көршілер болады екен, деп жымыяп қойды.





ЕКІНШІ ЖАТТЫҒУ

Түске жақын сіркіреп жаңбыр жауды. Арты бұршаққа айналды. Аппақ домалақ бұршақ жартастың қырына тиіп, оқша зуылдайды. Қарсы беттегі қалың ағаш жапырағының сарыны құлаққа келеді.

Қап, мына жаңбырдың кесірі-ай! Бүгін біраз жаттығатын едік, деп, Ақиық мазасызданып, ұяның шетіне қонды.

Жаңбыр мен бұршақ деген сөз бе, тәйірі! Мен одан қорықпаймын! деді Найзатұяқ әкесінің жанына келіп. Ол да қанатын қомдап, ұшуға дайын екендігін байқатты.

Асықпа, балам. Қазір жаңбыр басылады. Жаңбырда ұшуға болмайды, деді Мұзбалақ.

Жаңбырда неге ұшуға болмайды?

Сен жассың. Қанатың, топшың бекімеген. Қауырсының үлпілдек. Суға тисе, илектеніп, бар денең ауыр тартады. Құзға түсесің де, ұша алмай, отырып қаласың.

Е, сендер кейде жаңбырлы күнде де ұшып жүресіңдер ғой? деп еді Найзатұяқ, атасы мырс етті.

Біздің қауырсынымыз қатқан. Су жұқпайды. Топшымыз берік, деді.

Қап, бүгін ұшқанда болатын еді, деп, Найзатұяқ аспанға қарады. Апа, күн ашылатынын қайдан білдің? Жаңбыр қатты жауып тұр ғой.

Мұзбалақтың орнына Ақиық жауап берді.

Күннің арты ашық. Әне, көрдің бе? деп, күнбатыс жақты нұсқады.

Найзатұяқ бағдарлай қарады. Шындығында, күнбатыс жақтағы көкжиек ашық екен. Тіпті бұлт түріліп, ашылып келеді.

Міне, жаңбыр да саябырлай бастады. Түстіктен жел соқты. Бұл да күннің ашылатын белгісі, деп, Мұзбалақ сөзге араласты.

Көп кешікпей жаңбыр басылды. Түстіктен соққан қатты жел үдеді. Аздан соң жарқырап күн шықты. Түс ауып қалған екен.

Енді ұшуымызға болады. Ал онда жөнелдік! деп, Ақиық көкке самғап кетті. Мұзбалақ та қалықтай ұшты. Ұяның шетінде оңтайланып отырған Найзатұяқ отырып қалмады. Қанатын сермеп, алға бар екпінімен секірді. Алғаш қорқып еді. Қанаты төмен жібермеді. Қайта бір белгісіз күш оны өрге сүйреп тастады. Қанатын қаққан сайын күшінің артып, екпінінің өсе түскенін байқады. Әкесі мен шешесінің соңынан қосылып, оларды лезде қуып жетті. Үшеуі де заңғар көкте қалықтап келеді.

Қанатыңды жиі серме! Қорықпа! Қанатың қаққан сайын қатайып, топшың темірдей болып бекиді! деді Мұзбалақ.

Неғұрлым биікке көтерілуге тырыс! деп саңқылдады



20

Ақиық.

Олар көзді ашып-жұмғанша талай жерді басып өтті. Таудың небір құз жартастары мен шатқалдары бұлдырап артта қалды.

Бір жерге келгенде Найзатұяқтың қанаты талды. Ол енді аспанға өрлей алмады. Барған сайын төмендей бастады.

Қатты серме қанатыңды! деді Мұзбалақ өкпе тұсынан жанап өтіп.

Шаршап барам! деді Найзатұяқ. Аузын ашып, алқына зорға демін алады.

Ештеңе етпейді, шыда! деп саңқ етті Ақиық қатқыл үнмен.

Шынықсаң, шымыр боласың! Жас кезіңде қиналсаң, үлкейгенде өзіңе жақсы! Мықты боласың! деді Мұзбалақ.

Бұл сенің алғашқы адымың, алғашқы жаттығуың. Жаттығасың, үйренесің! Алыс жол алғашқы адымнан басталады. Тек алған беттен қайтпау керек.



НАЙЗАТҰЯҚ ҚАЛАЙ ҚОЛҒА ТҮСТІ

Жасыбай атай мен баласы Байтүгел екеуі бір биік шоқыға шығып, жан-жақтарына бағдарлай қарап отыр. Екеуінің қолында екі дүрбі. Басын бұлт басқан қарлы тау да, сайдың табанында сарқырап аққан тау өзені де көз алдыңа келеді.

Кешке кешкісін жүрсе, бүгін ұзап кете қоймас еді, деді Байтүгел әкесіне.

Ол ұзаған жоқ. Байқап қаралық. Таудың бір жықпылынан самғап шыға келеді. Бүркіт шошыса ғана балапанын алысқа алып қашады. Ешкім тимесе, ұя салған аймақтан онша ұзамайды, деп, Жасыбай атай қалтасынан бет орамалын алып, дүрбісінің көзін сүртіп қойды.

Кеше ымырт жабыла Жасыбай атайдың үйіне жылқышы жігіт келген.

Біздің тауда екі бүркіт жүр. Жалғыз балапаны бар екен. Неше түрлі аңды ұстап береді. Күнде көреміз, деген еді ол.

Жаңа қанаттанған балапанды ұстау оңай. Ертең Байтүгел екеуміз баралық. Жолымыз болып қалар. Оны қай жерден көрдің? деп сұраған Жасыбай.

Қаракүнгейді айналып кеткен, деді жылқышы жігіт.

Жасыбай мен Байтүгел бүгін сол бүркіт балапанын іздеп шыққан.

Әне, бүркіттер ұшып барады! деп, Байтүгел дауыстап жіберді.



Екі бүркіт биік тауды бауырлап самғап келеді. Бірінің аяғында жемі бар екен.

Елік ұстап алыпты, деді Байтүгел дүрбі салып.

Орныңнан қозғалма, қонған жерін байқайық, деді Жасыбай қа.рия.

Бір мезгілде әлгі бүркіт болат тұяғымен бүріп ұстаған елікті тастап жіберді. Бірақ екінші бүркіт оны тез іліп әкетті. Қос қыран алма-кезек бірінен бірі қағып алып ұзай берді.

Шамасы келмейтін аңға бүркіт түспейді. Және көтеріп ұшпайды. Бір бүркітке бір елік сөз емес. Тұяғы талған соң алмаса ма әлде өнер сынаса ма, кім білсін, балам.

Олар әңгімелесіп тұрғанда қос қыран бір шоқының басына барып қонған-ды. Осы жерде Найзатұяқ отыр екен. Жем әкелген әке-шешесін көргенде, қанатын қағып, саңқ-саңқ етті. Мұзбалақ пен Ақиық қанша аш болса да, тартына қимылдады. Найзатұяқ қомағайлана еліктің өкпе-бауырын жұлып алып, қылғып жатыр.

Ал кеттік! Енді аялдасақ, кешігеміз! деп, Жасыбай ақсақал орнынан тұрып, атына қарай жүрді. Байтүгел соңынан ерді. Екеуі аттарына мініп, шығыс жақтағы терең шатқалды өрлеп, бүркіттер отырған жерге шыға келді. Үш бүркіт те ұша жөнелді. Ә дегеннен Мұзбалақ пен Ақиық көкке шырқады. Ал Найзатұяқ, әрі қанаты жөнді қатпағандықтан, әрі жемді көп жеп қойғандықтан, жақсы ұша алмады. Тауды бауырлап еңіске қарай бір қонып, бір ұшып барады. Байтүгел аттан түсе салып қосылды. Көз жазбай жүгіре берді.

Ақиық пен Мұзбалақ балапанға бірнеше рет шүйіліп келді, іліп алып кетпек еді. Сәті түспеді.

Бір жерге келгенде, сілесі қатқан Найзатұяқ бір түп бұтаға тұмсығын тығып жатып қалды. Соңынан алқынып жеткен Байтүгел жас қыранға плащын жауып, оп-оңай ұстап алды. Соңынан бір атқа мініп, екіншісін жетектеп Жасыбай да жетті.

Бұл сенің бүркітің болады, деді ол жолда Байтүгелге.

